

Бірыңғай қызмет көрсету орталығы



2020 жылдың шілдесінен бастап «Самрук-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС «Самұрық-Қазына» АҚ жалпы қызмет көрсету орталығы ретінде жұмыс істейді.

Бұл рөл «Самұрық-Қазына» АҚ және компаниялар тобының бейінді емес функцияларын бірыңғай қызмет көрсету орталығына орталықтандыру есебінен негізгі бизнестің тиімділігін арттыру үшін 2020 жылғы 28 мамырда «Самұрық-Қазына» АҚ тобының ұйымдарында жаңғырту жөніндегі кеңес қабылдаған қайта құру бағдарламасы шеңберінде бекітілді. Қазіргі уақытта компания Қор шеңберінде бірқатар негізгі функцияларды орындайды, соның ішінде:

- SAP клиентті сараптау орталығы;
- Комплаенс бойынша құзыреттілік орталығы;
- Жекешелендіру бағдарламасының Бірыңғай Операторы;
- Құжаттарды орталықтандырылған мұрағаттық сақтауды ұйымдастыру.

Компанияның «QazCloud» ЖШС еншілес ұйымының жарғылық капиталына 51% қатысу үлесі бар (49% - «Данекер Сала» ЖШС тиесілі). «QazCloud» ЖШС IT-инфрақұрылымды қолдау мен жаңғыртуды, виртуалды IT-ресурстарды жалға алуды және Қордың ақпараттық деректерін қорғауды қоса алғанда, IT-қызметтердің кең спектрін ұсынады.

Сондай-ақ, компанияның «Soft Art» ЖШС еншілес ұйымының жарғылық капиталына қатысу үлесінің 50%-ы бар (40% - «SA Consult» ЖШС, 10% - Д.А. Бектелеуовке тиесілі). «Soft Art» ЖШС инжиниринг, консалтинг, лизинг, маркетинг, менеджмент, «ноу-хау», жылжымайтын мүлікпен операциялар (сату, жалға беру), құрылыс материалдарын өндіру және сату және т.б. саласындағы қызмет түрлерін жүзеге асырады.

2024 жылы таза пайданың артуы бірқатар факторларға байланысты болды. Олардың негізгілері кадрлық әкімшілендіру бизнеспроцестерінің аутсорсингінен және Компания құжаттарын орталықтандырылған мұрағаттық сақтаудан түсетін кірістерді ұлғайту, сондай-ақ «QazCloud» ЖШС еншілес компаниясының жаңа жобаларын табысты іске асыру болды.

2024 жылғы 31 желтоқсанда Компания 4,9 мың қызметкерге қызмет көрсетті – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Мұнайтелеком» ЖШС, «Oil Construction Company» ЖШС, «ПМХЗ» ЖШС, «QazCloud» ЖШС, «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС, «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС және филиалы, «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС, «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС, «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ.

ЖАЛПЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ (ЖҚО) ҚЫЗМЕТІ

Құрылған сәттен бастап Жалпы қызмет көрсету орталығының (ЖҚО) Қор компанияларына және Қордың өзіне көрсетілетін қызметтер спектрін белсенді дамытып, кеңейтуде. ЖҚО қызметінің негізгі бағыттарына мыналар жатады:

- Әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету;
- Жазбаша аудармалар;
- Қызметкерлерді тасымалдау;
- Басшылардың қызметін қамтамасыз ету;
- Сатып алуды ұйымдастыру;
- HR қызметі;
- Бухгалтерлік есеп және салық есеб;
- Құқықтық қамтамасыз ету;

- Қауіпсіздік;
- IT қауіпсіздігі;
- Және басқа функциялар.

Қордың бастамасы бойынша ЖҚО қызметі «Samruk Business Academy» жеке мекемесінен бизнес-процестерінің аутсорсинг функцияларын беру есебінен кеңейтілді. Бұған мыналар кіреді:

- Кадрлық әкімшілендіру;
- Жалақыны есептеуді және аударуды әкімшілендіру;
- Рекрутингті әкімшілендіру.

Компания жаңа бағыттар бойынша 4,9 мыңнан астам қызметкерге қызмет көрсетеді және оның Павлодар және Ақтау қалаларында екі өңірлік қызмет көрсету орталықтары бар.

2024 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Қаржылық көрсеткіштер, мың теңге	2023	2024
Кірістер	17 991 616	19 270 916
Өзіндік құн	(15 549 459)	(16 638 726)
Жалпы әкімшілік шығындар	(1 093 322)	(1 175 330)
Компанияның салық салуға дейінгі таза пайдасы	1 159 239	1 295 279
Таза пайда	954 501	1 070 751
Жалғыз қатысушыға төленген дивидендтер	177 464	400 000

ҚҰЖАТТАРДЫ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН МҰРАҒАТТЫҚ САҚТАУ

«Самұрық-Қазына» АҚ тобының ұйымдарындағы жаңғырту жөніндегі кеңестің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы шешімімен Компания қызметінің периметріне «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ӨК/ЕТҰ кіретін «Құжаттарды орталықтандырылған мұрағаттық сақтау» (ҚОМС) жобасын іске асыру жөніндегі оператор болып айқындалды. 2022 жылғы желтоқсанда Компанияның жарғылық капиталына салым салу арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ тарапынан «Электрондық мұрағат» ақпараттық жүйесі («ЭМ» АЖ) берілді. «ҚОМС» бағдарламасы шеңберінде Компания «ЭМ» АЖ-ға қол жеткізуді қоса алғанда, бес бағыт бойынша

қызметті жүзеге асырады.

2024 жылғы 31 желтоқсанда «Самұрық-Қазына» АҚ тобының 9 компаниясы үшін «ЭМ» АЖ қолжетімділігі қамтамасыз етілді, жыл ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ тобының 13 компаниясына «ОАХД» жобасы бойынша қызмет көрсетілді.

2024 жылы қызмет көрсетуге жасалған шарттардың жалпы сомасы 467 млн теңгені құрады.

SAP КЛИЕНТТІ САРАПТАУ ОРТАЛЫҒЫ

Компания «Самұрық-Қазына» АҚ мен «САП Қазақстан» ЖШС (САП келісімі) арасындағы 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №122 бағдарламалық жасақтаманы сүйемелдеу бойынша қызметтерді пайдалану және көрсету құқықтарын беру туралы Келісім шеңберінде оператор болып айқындалды. Оператор «Самұрық-Қазына» АҚ тиесілі SAP лицензиялық бағдарламалық жасақтамасын бөлу және техникалық қолдау үшін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ӨК/ЕТҰ-мен шарттар жасасады, сондай-ақ 2016 жылғы 20 желтоқсанда жасалған № 630-және SAP бағдарламалық жасақтамасына лицензияларды сенімгерлік басқару шартына сәйкес САП келісімінің талаптарын сақтауды қамтамасыз етеді. САП келісімінің периметрі бойынша қызметтер «Самұрық-Қазына» АҚ тобындағы 25 компанияны қамтиды. SAP клиентті сараптау орталығының функцияларына мыналар кіреді:

- Бағдарламалық жасақтаманы қолдау қызметі;
- Лицензияларды басқару;
- Келісімшарттық басқару;
- Консалтингтік қолдау;
- Бағдарламалық жасақтаманы жетілдіруге немесе түрлендіруге сұрауларды үйлестіру;
- Ақпараттық менеджмент;
- «Самұрық-Қазына» АҚ тобының компанияларымен жалдау шарттарын жасасу және сүйемелдеу;
- Лицензиялық аудиттерді жүргізу.

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ БІРЫҢҒАЙ ОПЕРАТОРЫ

с АҚ Басқармасының 2021 жылғы 14 қазандағы шешімімен Компания Активтерді бәсекелестік ортаға беру қағидаларына сәйкес Бірыңғай оператор болып айқындалды. Компания «сатылған және сатылатын активтердің автоматтандырылған дерекқоры» ақпараттық жүйесін (СААДҚ АЖ) әзірледі және қолданысқа енгізді.

2024 жылдың соңына қарай «АБДРА» АЖ-да «Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 29.12.2020 ж. №908 қаулысында санамаланған активтер бойынша ақпарат жиналды.

Бірыңғай оператордың өкілдері жыл қорытындысы бойынша Салалық компаниялар Комиссияларының активтерді сату мәселелері жөніндегі 23 отырысына және «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Жобалық кеңсесінің 18 отырысына Қағидаларда көзделген активтерді бәсекелестік ортаға беру тәртібі мен рәсімдерін сақтау тұрғысынан қатысты.

Экономикаға мемлекеттік қатысуды қысқарту жөніндегі міндет аясында «Самрук-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС-ын тарату туралы шешім қабылданды.